

ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҒЫ

1. Семинар сабағының тақырыбы. Сақтандыру

2. Сабақтың мазмұны:

1. Сақтандырудың экономикалық маңызы
2. Сақтандырудағы негізгі экономикалық түсініктері мен терминдері
3. Сақтандырудың жіктелуі
4. Сақтандырудың экономикалық маңызы

3. Сабақтың мақсаты мен міндеттері: «сақтандыру» түсінігімен, сақтандыру компаниларының түрлерімен, сақтандыру процесіне қатысу-шылармен таныстыру; Қазақстанда қолданылатын сақтандыру жүйесі туралы түсінік қалыптастыру; жеке сақтандырудың рөлі, нысандары мен түрлері, сақтандырудағы типтік қателер туралы білімдерін дамыту.

4. Техникалық (оның ішінде оқытудың да) және инструментальдық құралдар: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, есептер.

5. Сабақтарды өткізу тәртібі:

- Үйге берілген тапсырманы тексеру
- Тақырып бойынша теориялық білімді тексеру
- Пысықтау тапсырмалар
- Тақырып бойынша тест тапсырмасы (google формада)

Тапсырма 1. Сақтандыру түрлері арасындағы сәйкестікті орнату.

Жеке сақтандыру	а	Зейнетақы сақтандыру
Мүлікті сақтандыру	б	Тұрғын үйді сақтандыру
Жауапкершілікті сақтандыру	в	Жазатайым жағдайлардан сақтандыру
	г	Бизнесті үзуден сақтандыру
	д	Медициналық сақтандыру
		Үшінші тұлғалардың алдындағы жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру
		Өнімнің жауапкершілігін сақтандыру
		Директорлар мен лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін сақтандыру
		Шетелге шығуды сақтандыру
		Жүктерді тасымалдауды сақтандыру
		Жауапкершілікті сақтандыру
		Көлікті сақтандыру
		Құрылыс-монтаждау мүдделерін сақтандыру

Тапсырма 2. Сәйкестікті табыңыз:

Ерікті сақтандыру	а	Жазатайым жағдайлардан сақтандыру
	б	Міндетті медициналық сақтандыру б.
	в	Жолаушыны жеке сақтандыру
	г	Өмірді сақтандыру
Міндетті сақтандыру	д	Тұрғын үйді сақтандыру
		Зейнетақы (болашақ зейнетақыңыз үшін белгілі бір соманы жинақтау) сақтандыру

